

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

PHILOLOGY Series

№2 (123) / 2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген Құрманғалиев Ілияс

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N.Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.
Периодичность: 4 раза в год
Тираж: 35 экземпляров
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

Мазмұны

<i>Абасилов А.М.</i> Жаңа қазақ әліпбиі: әлеуметтік лингвистикалық мәселелері, оларды шешу жолдары	8
<i>Абдуов М.И., Абдуова Н.М.</i> «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының діни мотивтері ..	15
<i>Абдразакова А.А., Ахметова Б.Б., Қасқатаева Ж.А., Бакенова А.М.</i> Сан компонентті кейбір киелі ұғымдардың қалыптасу тарихынан	21
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Мифтік кеңістіктегі <i>адамзат</i> пен <i>пері-зат</i> байланысы және оның көркем әдебиетте бейнеленуі	30
<i>Амангазиева М.К.</i> Л.З. Будаговтың «Түрік-татар сөздерінің салыстырмалы сөздігінің» қазақ лексикографиясындағы орны	38
<i>Аубакирова Г.Т., Володина Е.О., Калиева С.Н.</i> Кәсіби-бағытталған шетел тілін үйренудің тұлғалық-бағытталған тәсілі	44
<i>Байбек А.К.</i> Үкілі Ыбырай – сан қырлы дарын иесі	51
<i>Байбеков С.Н., Шормакова С.М., Аязбекова Э.М.</i> Ұлы Дала көне есептері және оның Бөлтірік шешен шығармашылығындағы көрінісі	63
<i>Гауриева Г.М., Жумабекова Ә.А.</i> Студенттердің тілдік компетенциясын қалыптастыруда аутенттік мәтіндерді қолдану	74
<i>Ерғалиева Райхан</i> Қазіргі заманғы қоғамдағы ұлттық мәдени мұраның проблемалары	76
<i>Жұманбекова Н.З., Кабдушева А.Б.</i> Студенттерде шетелдік құзыреттілікті қалыптастыру	81
<i>Искакова Н.С., Ислам А.</i> Заманауи лингвистикадағы бағалау теориясының дамуы	86
<i>Құзбакова Г.Ж.</i> Қазақ әдет-ғұрыптық ән ырғақтылығындағы сөз просодикасы	96
<i>Қыдырмолдина М., Нуржанова Ж.</i> Ағылшын тілін үйрену мен оқытудың маңыздылығы	105
<i>Лазухина Л.В., Әбдіғалиева Т.А.</i> У. Шекспирдің «Отелло» пьесасындағы одағайлардың қазақ тіліне аударылуына талдау	109
<i>Нұрдәулетова Б.И.</i> Жыраулар поэзиясы мәтінінің коммуникативтік ерекшелігі	116
<i>Нұржанова Ж.Д., Дадехан Ж.Б.</i> Интернет көмегімен ағылшын және қазақ тілінің сөздік қорын оқыту әдістемесі	123
<i>Нұржаубек А.</i> Қазіргі әлемдік және отандық лингвистикадағы фрейм туралы ізденістер	129
<i>Оспанова А.К., Турдығылова А.К., Бакенова А.М.</i> Шетел тілі мұғалімдерінің рефлексивті қабілеттіліктерін дамуы	139
<i>Тұрысбек Р.</i> Ұлттық тіл табиғаты: әліпби мәні мен эволюциясы (<i>Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің тарихы мен даму үрдістері туралы</i>)	146
<i>Рысбаева Г.Қ., Исаева Ж.Т., Тұңғышбаева Ғ.Ж.</i> Ғаламның тілдік «культ» концептісі	155
<i>Сәрсекенова Қ.Қ., Меліс А.М., Тойбекова С.Р.</i> Филология мамандығы бойынша білім алушыларды компьютерлік технология бағытында оқыту	166
<i>Шаймерденова Н.Ғ.</i> Қазақстандағы татарлардың тарихы, тілі, мәдениеті	173
<i>Жазбадерек.</i> Гуманитарлық ғылымдарға саясимәдениет әлемінде заманауи зерттеу	185
<i>Рәсімдеу үлгісі</i>	188

Contents

<i>Abasilov A.M.</i> New Kazakh Alphabet: Sociolinguistic Problems and Their Solutions	8
<i>Abduov M.I., Abduova N.M.</i> Religious Motifs in “Kozy Korpesh – Bayan Sulu” Poem	15
<i>Abdrzakova A.A., Akhmetova B.B., Kaskatayeva Zh.A., Bakenova A.M.</i> From History of Development of Some Sacral Concepts with Numerical Component	21
<i>Aimukhambet Zh.A.</i> The interdependence of humanity with the fairy in the mythical space and its reflection in the artistic literature	30
<i>Amangazyieva M.K.</i> L.Z.Budagov’s «Comparative Dictionary of Turkish-Tatar Words» in Kazakh Lexicography	38
<i>Aubakirova G.T., Volodina E.O., Kalieva S.N.</i> Personally-Oriented Approach in Teaching Professionally-Oriented Foreign Language	44
<i>Baibek A.K.</i> Ykili Ybray – Versatile Master of Transformations	51
<i>Baybekov S.N., Shormakova S.M., Ayazbekova I.M.</i> Ancient Tasks of the Great Steppe and Their Place in Boltirik Sheshen’s Work	63
<i>Gauriyeva G.M., Zhumabekova A.A.</i> Use of Authentic Texts for Formation of Students’ Linguistic Competence	74
<i>Yergaliyeva Rakhan</i> The Problem of National Cultural Heritage in Modern Society	76
<i>Zhumanbekova N.Z., Kabdusheva A.B.</i> Formation of Foreign Competencies in Students	81
<i>Iskakova N.S., Islam A.</i> Development of Evolution Theory in Modern Linguistics	86
<i>Kuzbakova G.Zh.</i> Prosody of the Word in Kazakh Ritual Song Rhythmics	96
<i>Kydyrmoldina M.S., Nurzhanova Zh.D.</i> The Importance of Learning and Teaching English Language	105
<i>Lazukhina L.V., Abdygalieva T.A.</i> Analysis of the translations of U. Shakespeare’s «Othello» plays in the Kazakh language	109
<i>Nurdauletova B.I.</i> Communicative Peculiarities of the Bard Texts	116
<i>Nurzhanova Zh.D., Dadekhan Zh.B.</i> Teaching English and Kazakh vocabulary by means of the Internet	123
<i>Nurzhaubek A.</i> Frame Research in the Modern World and Domestic Linguistics	129
<i>Ospanova A.K., Turdygylova G.D., Bakenova A.M.</i> Development of Reflexive Abilities of Foreign Languages Teacher	139
<i>Turysbek R.</i> Kazakh Inscription is Spirituality (About the history and trends of the Kazakh language based on Latin graphics)	146
<i>Rysbayeva G.K., Issayeva Zh.T., Tungushbayeva G.Zh.</i> Concept of “Cult” in Linguistic Picture of the World	155
<i>Sarekenova K.K., Melis A.M., Toybekova S.R.</i> Training Graduates of Philology Specialty in the Field of Computer Technology	166
<i>Shaymerdinova N.G.</i> The History, Language and Culture of Tatars in Kazakhstan	173
Chronicle. Modern research on humanitarian sciences in the polycultural peace	185
Template	188

Содержание

<i>Абасилов А.М.</i> Новый казахский алфавит: социолингвистические проблемы, пути их решений	8
<i>Абдуов М.И., Абдуова Н.М.</i> Религиозный мотивы в лиро-эпическом произведений «Козы Корпеш – Баян сулу»	15
<i>Абдразакова А.А., Ахметова Б.Б., Каскатаева Ж.А., Бакенова А.М.</i> Из история развития некоторых сакральных понятий с компонентами числительных	21
<i>Аймухамбет Ж.А.</i> Взаимосвязь человечества с феи в мифическом пространстве и его отражение в художественной литературе	30
<i>Амангазиева М.К.</i> Роль «Сравнительного словаря турецко-татарских наречий» Л.З. Будагова в казахской лексикографии	38
<i>Аубакирова Г.Т., Володина Е.О., Калиева С.Н.</i> Личностно-ориентированный подход в обучении профессионально-ориентированному иностранному языку	44
<i>Байбек А.К.</i> Үкілі Ыбырай – многоликий мастер перевоплощений	51
<i>Байбеков С.Н., Шормакова С.М., Аязбекова Э.М.</i> Древние задачи Великой Степи и их место в творчестве Болтирик шешена	63
<i>Гауриева Г.М., Жумабекова А.А.</i> Использование аутентичных текстов при формировании языковой компетенции студентов	70
<i>Ергалиева Р.А.</i> Проблемы национального культурного наследия в современном социуме	76
<i>Жуманбекова Н.З., Кабдушева А.Б.</i> Формирование иноязычных компетенций у студентов	81
<i>Искакова Н.С., Ислам А.</i> Развитие теории оценки в современной лингвистике	86
<i>Құзбақова Г.Ж.</i> Просодика слова в казахской обрядовой песенной ритмике	96
<i>Кыдырмолдина М., Нуржанова Ж.</i> Важность обучения и преподавания английского языка	105
<i>Лазухина Л.В., Абдигалиева Т.А.</i> Анализ перевода на казахский язык междометий пьесы У. Шекспира «Отелло»	109
<i>Нурдаулетова Б.И.</i> Коммуникативные особенности текстов жырау	116
<i>Нуржанова Ж.Д., Дадехан Ж.Б.</i> Приемы изучение английской и казахской лексики с помощью интернет	123
<i>Нуржаубек А.</i> Фреймовый подход в современной отечественной и мировой лингвистике	129
<i>Оспанова А.К., Турдыгылова А.К., Бакенова А.М.</i> Развитие рефлексивных умений учителей иностранных языков	139
<i>Турсыбек Р.</i> Природа национального языка: сущность и эволюция алфавита (<i>Об истории и тенденциях казахского языка на основе латинской графики</i>)	146
<i>Рысбаева Г.К., Исаева Ж.Т., Тунгышбаева Г.Ж.</i> Концепт «Культ» в языковой картине мира	155
<i>Саркенова К.К., Мелс А.М., Тойбекова С.Р.</i> Обучение выпускников филологических специальностей в области компьютерных технологий	166
<i>Шаймерденова Н.Г.</i> История, язык, культура татар в Казахстане	173
<i>Хроника.</i> Современные исследования по гуманитарным наукам в поликультурном мире ...	185
Образец оформления статьи	188

XFTAP 16.21.07

М.Қ. Амангазиева

С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Ақтөбе, Қазақстан
(E-mail: mika-230376@mail.ru)

Л.З. Будаговтың «Түрік-татар сөздерінің салыстырмалы сөздігінің» қазақ лексикографиясындағы орны

Аңдатпа. Мақалада түркітанушы ғалым Л.З. Будаговтың «Түрік-татар сөздерінің салыстырмалы сөздігінің» лексикалық және семантикалық ерекшеліктерін талдау және қазіргі түркі тілдеріндегі алатын орнын айқындау мәселелері қарастырылады. Қазақ тіл білімінде аталған лексикографиялық еңбектің алатын орны ерекше, сондықтан бұл сөздіктің авторы, еңбекті құрастырудың мақсаты мен міндеттері, құрылымы, сөздердің берілу жүйесі, транскрипциялануы, түсіндірілуі мен тарихи құндылықтары сөз болады. Сонымен қатар тақырыпты ашу мақсатында бұл тарихи еңбектің тіл біліміне қосар үлесінің, оның құндылығының өте жоғары екендігін дәлелдейтін нақты мысалдар келтіріледі. Қазақ халқының салтында, тұрмыстық дәстүрінде, әдет-ғұрыптарында кездесетін өзіндік болмыстарды нақты суреттейтін мысалдар: бес қонақ, құралайдың салқыны, қозы күзем, суыр базары т.б. ұғымдар туралы нақты деректер сараланып беріледі. Келтірілген мысалдар қазіргі таңдағы Қазақстанның батыс өңірінде кездесетін тұрмыстық әдет-ғұрыптарға сәйкес келеді.

Түйін сөздер: лексика, лексикография, тарихи сөздіктер, Будагов, сема, этимология.

Кіріспе. Қазақ тілінің зерттелуіне үлес қосқан ғалым-түркологтардың бірі – Лазарь Захарович Будагов 1812 жылдың сәуір айында Астрахан қаласында дүниеге келіп, 1878 жылы 30-желтоқсанда Санкт-Петербург қаласында дүниеден өткен. Алғаш оқу жолын Астрахандағы армян училищесінде бастап, әрі қарай Астрахан гимназиясында оқыған. Содан соң Мәскеу университетінде лекция тыңдап, екі жарым жылдай Лазарев шығыс тілдер институтында арифметика пәнінің оқытушысы қызметін атқарады. Кейіннен Қазан университетіндегі философия факультетінің шығыс тілдер бөліміне оқуға түсіп, оны 1840 жылы «О Магомете и его учении» атты дипломдық шығармасы үшін алтын медальмен бітіріп шығады. Л.З. Будаговтың көпжылдық педагогикалық қызметі Тифлис гимназиясында 1840-1844 жылдары татар, әзірбайжан және парсы тілдерінің оқытушысы болуынан басталады. Кейін 1863 жылы Санкт-Петербург университетіндегі шығыс тілдер факультетінің әзірбайжан және түрік тілдерінің доценті болып қызметін жалғастырады. 1861 жылдан бастап, Л.З. Будагов оқытушылық қызметін «Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінде татар және армян тілдерінен аудармашылық тілмаш қызметімен байланыстырады. Ол өзінің соңғы күндеріне дейін осы қызметін тастаған жоқ.

Зерттелу негіздері. Л.З. Будаговтың ғылыми еңбектерінің тізімінде ең құндысы – уақыт сынынан өткен түрік лексикографиясының тарихында терең із қалдырған «Түрік-татар сөздерінің салыстырмалы сөздігі». «Түрік-татар сөздерінің салыстырмалы сөздігі» атауына берілген түсінікті «автордан» деген алғысөзінде кездестіруге болады. Онда автор өз еңбегін барлық түркі тілдес сөздерінің түсіндірме сөздігі ретінде ұсынбай, тек нағыз қажетті де керекті сөздерді салыстырмалы түрде түсіндірген. Сөздіктегі барлық сөздер түбір тұлғасында берілген, яғни барлық туынды сөздердің формасы түбірмен, негізімен бір ұяда қалыптасқандығы көрсетілген, тіпті кейбір жағдайда керекті сөзді іздеу барысында барлық берілген мақалаларды толық қарастыруға тура келеді.

А.Н. Кононов бұл сөздіктің негізгі ерекшеліктері ретінде мыналарды атап өту қажеттігін айтқан:

- 1) көптеген сөздер этимологиялық құрамына түсінік беруді талап етеді;
- 2) әкімшілік, құқықтық, ғылыми, діни т.б. терминдерге түсінік беріледі. Көбіне сәйкес келетін түпнұсқаға немесе әдебиетке сілтеме беріледі;

3) географиялық атауларға, түрік эпосы мен фольклорындағы батырлардың атауларына, кейбір реалий тұрмысты және түрік халықтарының дәстүрін білдіретін сөздерге ереже бойынша қысқаша түсінік беріліп отырады [1].

Осы ерекшеліктер түсіндірмелі, этимологиялық және энциклопедиялық сөздіктердегідей реңк бере отырып, сөздікті байыта түспек. Осының өзінен біз Л.З. Будаговтың Радлов, Вамбери, Ильминский сияқты ғалымдардан үлгі алып, солардың еңбектерін негізге ала отырып, зерттей алғанын көреміз. Осы сөздік туралы Л.З. Будагов өзі былай дейді: «Түрік-татар сөздері сөздігінің толық басылымы соңында өзім қолданған барлық деректерге толық шолу жасап және баға беру ниетімен кітаптың атауына, сөздердің алфавиттік ретпен берілуі жүйесіне, транскрипцияларға, сөздердің айтылуы мен қысқартылған тұстарына түсініктеме бере кетуді жөн санадым. «Түрік-татар тілдеріндегі диалектілік ерекшеліктердің салыстырмалы сөздігі» атауынан автор өз еңбегін түркі тамырлас барлық диалектілердің түсіндірмесі ретінде беруге ұмтылған» деген қорытынды жасауға болмайды.

Егер мұндай түсіндірме сөздікті жасау мүмкін деп есептелгенде де, оған бірнеше ориенталистердің біріккен еңбектері мен ұзақ жылғы қажыр-қайраты кетер еді. Сол сияқты, мен салыстырып отырған сөздер сөздікте бірқалыпты даму кезеңінде ұсынылған деп ойлау да қате, мұндай еңбек бір адамның қолынан келмес те еді және қолданылуы аясы өте кең болғандықтан, бұл қиын жұмыс.

Тіл үйренушілермен қатар чиновниктер мен аудармашылардың, тіпті сауда адамдарының өз кезектерінде Орыс мемлекетінде немесе шет елдерде осы сөздерді қолданатын тұрғындармен байланыс жасай алуына қажетті, көп тараған сөздердің топтары берілгендіктен ғана сөздік осылай аталды. Татар сөздері түсіндірмелерінің салыстырмалы әдісі алуан түрлі туынды формаларға, кей жағдайда сөздің түбіріне, сол сияқты бір сөздің сөйлемдер арасында әртүрлі мағыналарға ие болуы мысалдарына сай, олардың өзара қарым-қатынасы мен толығын көрсете отырып, тіл туралы ұғымның толық та дәл зерделілігінің айқын көрсеткіші ретінде қызмет жасайды. Осылай дей келіп, мен тіпті де осы мақсаттың ақырғы көрсеткішін сөздік арқылы өзіме қосып алу ойынан аулақпын.

Бағдарламасына мүмкіндігінше қазіргі заманғы және табанды қажеттіліктер, оның ішінде Шығыс факультеті студенттері мен Азиялық сөздерді оқып жүрген адамдар үшін әдеби шығармаларды оқу барысында да, мұсылмандармен ауызекі тілдесу және жазбаша қатынас негізінде де көмекші болып табылатын ғылыми материалдардың іс жүзіндегілермен қатар жинақталуы кіретіндіктен, назарымызды пәннің ғылыми тұрғыдағы зерттелуіне аудармай кете алмағанымызды осы жұмыспен айналысатын адамдар сөздіктің берілген бөлімінде анық байқайды. Осындай екі жақты мақсаттың орындалу барысы бірде әдеби түркі тілі оларсыз болмайтын араб және парсы тілдері аумағына, бірде мұсылман заңдарының, халықтың салт-дәстүрлері мен ұғымдарының қысқаша түсіндірмелеріне, қоғамдық өмір нақтылықтарына, бір сөзбен айтқанда, сөздің түрлі мағынада қолданылуының негізі болып табылатын элементтеріне жүгінуге мәжбүр етті.

Түркі-татар тілі сөздерінің орналасу жүйесі сөздікте түбірлері бойынша қабылданған, сөздердің туынды формалары, етістіктің алуан түрлері, айтылу ерекшеліктері және басқалары мұнда алғашқы аяқталынбаған қалпындағы нұсқасында дамытылған, бірақ бұл ереже жайдан-жай қолданбаған, өйткені: біріншіден, кейбір туынды форма өзін бөлек түбір сөздей көрсете келіп, өз кезегінде келесі формаға және олармен жіктелген түрге негіз болады, екіншіден, мүмкіндігінше нұсқау-сілтемелердің санын азайтып, басқа көптеген формалармен айтылымдар арасынан түбір етістік жанында талап етілетін форманы жоя алады.

Сөздердің орыс әріптерімен транскрипциялануын мен сөздік үшін қолайсыз санадым, себебі, бұл кітаптың көлемін шектен тыс арттырып, сонымен қатар, әріптердің терілуін қиындата отырып, оқылуының өзін әртүрлі шартты қабылданған әріптермен қиындық туғызар еді, бұл болатын болса, тек арнайы жағдайларда ғана жіберілген. Кей

тұста оқырман қате айтылатын сөздермен ұшырасып қалған жағдайда, оны басқа сөз деп қабылдамауы үшін, сөздердің халық ауызында қате айтылуын бере кетуді де қажет деп таптым. Сол сияқты кейбір транскрипцияда бұрмаланған орыс сөздері де берілді, мұндай сөздер тәжірибесіз аудармашыны тығырыққа әбден тіреуі мүмкін.

Шығыс тілдері факультетіне, Санкт-Петербург университеті кеңесінің алдында осы сөздіктің басылуына қажетті жыл сайынғы қаржының белгіленуін өтегендігі үшін терең алғысымды білдіре кетуді парыз деп есептедім. Алғашқы бес әріптен тұратын бөлім жарыққа шығуға дайын тұр, осының артынан қалған бөлімдердің басылуы да ғажап емес» [2]. Будаговтың пікірін көбірек беруіміздің де өзіндік мәні мен маңызы бар. Мұнда автордың сөздікті тізудегі негізгі көзқарасы мен ойлары анық жазылған.

А.Н. Кононов сөздіктің құндылығын бағалай келіп, мынадай тұжырымға келеді: «Значительная часть лексического материала, приведенного в словаре, снабжена указанием на источники. Подавляющее большинство этимологий Л.З. Будагова свидетельствуют о глубоком научном знании тюркских языков. Словарь Л.З. Будагова не утратил значения и поныне, он является прекрасным пособием для чтения старых тюркских текстов, в частности совершенно незаменим при чтении “чагатайских” текстов [1].

Нәтижелер мен талдаулар. Сөзіміз дәлелді болу үшін сөздіктен бірқатар мысалдар келтіре кетуді жөн көрдік. Мысалы «ай» сөзі, бұл атауды Л.З.Будагов былай деп түсіндіреді: «собственно мусульманский лунный месяц». Қазақ тілінде «луна» да «месяц» деген сөздер де «ай» деп аударылатын болғандықтан, Л.З. Будаговтың дефинициясын біз аудармай беріп отырмыз. Одан әрі сөздікте туған айдың алғашқы он бес күнін қазақтар жаңа ай «новая луна» деп атайтындығы айтылып, осыған қатысты мынадай тіркесімдер түсіндіріледі: ескі ай «старая луна», айдың бесінші жаңасы - «5-я (ночь) новолуния», айдың жиырма бірінші ескісі” - «21-я (ночь) старолуния».

Л.З. Будагов қазақ тіліндегі осы қолданысты басқа түркі тілдерінің деректерімен де салыстырып көрсетеді. Мысалы, осыған мағыналас қолданысты ол алтай тілінен келтіреді: на ущерб луна уехал, в новолуние приеха, сөзбе-сөз аудармасы: *айдың ескіде барған, айдың жаңада (йанида) кірген (енген)* [2,172 б.]. Осының негізінде лексикограф мынадай пікір айтады: «Туған айды осылай екі жартыға бөлу салты Алтын Орда дәстүрінде де болған. Шамасы олар бұл норманы жарлықтар тілін аудару нәтижесінде қалыптастырған болуы мүмкін. Осының орысша нұсқасы ретінде ол былай деп жазған: *4 ветха в 10-ый день нова* [сілтемеде былай деп көрсетеді: Григорьева о достоверн. Ханск. ярл., стр. 118-128 бб.]. Ол сондай-ақ Тоқтамыстың жарлығынан *месяца Реджеба, 8 нова*, сөзбе-сөз аудармасы: *реджеб айының сегізінде* – деп аударып, сілтемеде былайша түсіндіреді: *новолуния, т.е. в первой половине*; см. ханск. ярл. Изд. Березина, стр. 50» [2].

Л.З. Будагов қазақта **ай** және **жұлдыз** календары болатындығын атап көрсетпесе де, күн санаудың соңғы жүйесін *дни гражданского месяца солнечного года* деп атайды да, бұл жүйе бойынша әр күнді *татарлар йулдуз* деп, ал *қазақтар жұлдыз* деп атайтынын айта келіп, оның орысша нұсқасын араб әрпімен екі түрде таңбалайды: «*звезда*», «*числа*». Ғалымның пайымдауынша, қазақтар ай аттарын арабша немесе жұлдызнамалық (зодиакальный) белгілермен атаған. Бірақ олар әдеттегі жыл маусымдарын белгілі бір шамамен ғана айтады және көбінесе қыр өміріне тән дағдылы кезеңдерге, оқиғаларға байланыстыра сипаттаған. Мысалы, наурыз айы – жыл басы «*месяц март – начало года*», қой қоздады – сәуірдің басы «*овцы ягнутся – начало апреля*», бие байлайды – сәуірдің аяғы және мамыр «*кобыл доят для кумыса – конец апреля и май*», құралай – көктемнің суық жаңбырлы күндері, ол мамыр айының бірінші жартысында 8 мен 16 арасында өтеді, басқа бір күн санау жүйесі бойынша мамыр айының 3 және 6 жұлдызы арасына сәйкес келеді «*холодное и дождливое время весной, от 8 до 16 дней во второй половине мая, по другим в первых числах мая от 3 до 6 дней*». Л.З. Будагов өз сөздігінде «**ай**» мен «**күн**» атауына қатар тоқталып, оны

былай деп түсіндіреді: *шағатай, татар* тілдеріндегі – **күн**, түрік, *әзірбайжан* тілінде *гунь* «погода, день, солнце» дей келіп, бұл сөздің қырғызша (қазақша) бір мағынасын **гром** деп аударған, яғни Л.З. Будагов бұл жерде *қазақ тіліндегі күн күркіреді* деген тіркесті негізге алып отырған болуы тиіс, бірақ *орыс тіліндегі гром* мағынасын *қазақ тілінде «күн»* сөзі жеке тұрып білдіре алмайды, ол мағына күркіреу етістігімен тіркесу нәтижесінде ғана туып тұр. Сондай-ақ, бұл сөздікте *қазақ тілінің «бұрнағы күн»* тіркесі «*третьего дня*» деп дұрыс аударылған.

Сондай-ақ, сөздік құрастырушы құралай сөзінің лексикалық мағынасын түсіндіре отырып, бұл мерзімді мамыр айының оныншы жұлдызы шамасында басталатын желді, жаңбырлы жыл мезгілі деп түсіндіреді. Ал атаудың қалыптасу себебін қазақ арасында былай түсіндіріледі дейді: «*Башқұртша құралай «жабайы ешкінің төлі», ол осы желдеткен қара суық күндері туа сала нөсер жаңбырдың суына шомылады, сөйтіп желмен жарысып жүгіруге машықтанады-мыс»* – дейді [2].

Осы маусымның тағы бір атауы болып табылатын мамыр сөзі сөздікте мамыр ат, мамыр құс деген тіркесімдер арқылы түсіндіріледі. Л.З. Будаговтың түсіндіруінше, алғашқы тіркесім *аяғы ауырған жылқының нық баса алмай мамырлауына қатысты* болса, **мамыр құс** – *семіздіктен шаялап қалған* немесе *жаңа қауырсындары күзге дейін қатаймауы себепті ұша алмай қалған құсты* білдіреді. Осыған байланысты бұл маусым мамыр ай деп аталған деген этимологиялық мағынасын жасайды.

Л.З. Будагов сонымен бірге Н.И. Ильминскийге сілтеме жасай отырып, осы түбірден жасалған етістік тұлғалы **мамырламақ** тұлғасын салыстыра көрсетіп, оны орысша *охрометь, быть неспособным летать* [2] деп береді, бұл - «**ақсау, ұшуға қабілетсіз болу**».

Суыр базары «*торг сурками бывает в мае месяце при г. Оренбурге*». Л.З. Будаговтың бұл түсіндірмесіне қарағанда суыр базары тіркесімі Орынбор маңы қазақтарының жергілікті қолданысы болуы ықтимал. Алайда біз оны мамыр айының маусымдық сипатын танытатын ауыспалы мағынасында қолданылып тұрғанын қарастырып отырмыз.

Бес қонақ «*холодное время с 1 по 5 апреля*». Бұл номинация негізінен Қазақстанның батыс аймағында жиі қолданылады. Л.З. Будагов бұны «*пока бес қонақ не сойдет, с зимовки не кочуют и зимнего платья не оставляют*» деп түсіндіреді. Бұл жерде сәуір айының 1 мен 5 арасы деген анықтаманы ай санаудың ескі календарына сәйкес деп түсіну қажет. Бес қонақ жайында ел аузында көптеген аңыз әңгімелер бар. Ақтөбе өңіріндегі сондай түсініктердің бірі *бес қонақтың жоғарыда аталған мерзімінен не бес күн бұрын немесе бес күннен кейін келуі де ықтимал* делінеді. Сөйтіп көктемде келетін жауын-шашынды, қарлы-боранды бұл маусым тек бес күн емес, он бес күнге созылуы ықтимал деп есептелінеді. Халық арасында бес қонақтың өтуін күтпей қойдың жабағы жүнің қыркып, қыстаудан ұзап көшіп кеткен кейбір ауылдар осы бес қонақтың ызғарына ұшырап, жас төлдері қырылып, қырыққан қойлары суыққа шалдыққаны жайында талай мысалдар айтылады. Тосыннан келіп қалатын бұл салқын кезең Жетісу жерінде (Алматы облысында) айтылатын құс қанаты атты табиғат құбылысына ұқсастау, бірақ Жетісудің жері жылы болғандықтан, жыл құсының қанатына ілесіп келген жауын-шашын малшы ауылдарға батыстағыдай әбігер әкелмейді.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде **бес қонақ** сөзінің мағынасы «жаз бен күз арасында болатын ызғырық, суық күн» деп [3], ал диалектологиялық сөздікте бес қонақ 1) марттың 14-терінен 20-22-сіне дейін соғатын ыстық жел; 2) шешек ауруының жеңіл түрі. Мысалы, Бесқонақ қана болып шыққан ғой дәрігердің көмегімен. [4,126.] деп көрсетілген.

Кей ғалымдардың зерттеуінше, бесқонақтың тағы бір сыры болуы мүмкін. Есепшілердің пайымдауынша, бес қонақ тоғыз есебіне байланысты. Ертедегі күнтізбе жүйесі бойынша бес қонақты таратудың мынадай түрі кездеседі: 1) қонақ – 31 наурызда; қазіргі күнтізбе бойынша, 21 сәуір – көктем мейрамы, еңбек мейрамы;

- 2) қонақ – 31 мамыр, қазіргі күнтізбе бойынша, 31 ақыл, өнер, парасат күні;
- 3) қонақ – 31 маусым, қазіргі күнтізбе бойынша, 22 шілде – жаз мерекесі немесе рухқа тәжім ететін күн;
- 4) қонақ – 31 шілде, қазіргі күнтізбе бойынша, 22 тамыз – тіл мерекесі және ұлттық дәстүр күні;
- 5) қонақ – 31 тамыз, қазіргі күнтізбе бойынша, 22 қыркүйек – күз мерекесі немесе сабан-тойды мерекелейтін берекелі күн.

Қозы күзем «стрижка ягнят», около 15 и 20 июля, яғни бұл **маусым, шілденің екінші жартысында бір бескүндік шамасында** өтетін науқанды білдіреді. К.К. Юдахин қырғыз тілінің екі тілді сөздігінде күзем сөзін қозыға байланыстырмай, жалпы қой қырқу деген мағынада түсіндіреді. Ол реестрдегі күзем сөзінің бірінші мағынасы «стрижка – осенняя овечья шерсть», екінші мағынасы «сезон осенней стрижки овец» дейді. Бұл түсініктеме қазақ тіліндегі «бірінші қыркым» және «күзде қыркылған қойдың жүні» немесе «қой қырқудың күзгі маусымы» дегенді білдіреді. Демек, қырғыз тіліндегі қой қырқу жалпы ұғым болғанымен, қазақ тіліндегі қозы күзем тәрізді дербес маусымдық атау қолданылмайтын секілді [5]. Ал, бұл сөздіктен Қазақстанның батыс бөлігінің тіл ерекшелігін көре аламыз. Сөзіміз дәлелді болу үшін белгілі диалектолог С. Аманжоловтың: «...мы должны отметить, что казахские слова, помещенные в словарях В. Радлова и Л.З. Будагова, в основном представляют собой язык западных племен казахского народа» [6] деген пікірін келтіреміз.

Біздің пайымдауымызша, Л.З. Будагов сөздігі халқымыздың тұрмыс-тіршілігінен, салт-дәстүрінен, тарихынан хабар беретін анықтағыш. Сонымен қатар, оны этимологиялық, аударма, түсіндірмелі сөздік дей келе, тарихи лексикологиялық ізденістері үшін нағыз **құнды дереккөзі** деп толық айта аламыз. Біз қарастырған сөздікте тұрмыстық атаулар мол кездеседі және сол кездегі халықтың дүниетанымынан мол хабардар етеді. Сондықтан тарихи тұрмыс-тіршілігімізді айқындайтын дәстүрлерімізге қатысты атаулардың семантикалық сипатын саралау қазіргі қазақ тіл білімі үшін өзекті әрі теориялық жағынан маңызды мәселелердің бірі деп пайымдаймыз. Бұл атауларды зерттеудің негізгі мәні халықтық дүниетанымнан мол хабар беретіндігімен қоса, қазіргі таңда ұмыт бола бастаған халықтық мол түсініктердің сақталып қалуымен де байланысты.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России / А.Н. Кононов - Ленинград: Наука, 1982. -256 с.
- 2 Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий / Л.З. Будагов - Санкт-Петербург, 1869-1871. - 1056 с.
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т. I. - Алматы: Ғылым, 1982. - 509 б.
- 4 Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы: Ғылым, 5 т. 1986. - 485 б.
- 5 Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь Т. I. / К.К. Юдахин - Фрунзе, 1965. - 450 с.
- 6 Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. / С. Аманжолов - Алматы: Ғылым: 1997. - 452 б.

М.К. Амангазиева

Актюбинский университет им. С.Баишева, Актөбе, Казахстан

Роль «Сравнительного словаря турецко-татарских наречий» Л.З. Будагова в казахской лексикографии

